# Электронды үкімет

## Жоспар:

1 "Электрондық үкімет" (e-Government)

2. Электрондық Үкіметтің көмегі

3. Электронды үкімет дегеніміз не және ол не үшін қажет?

- “Электрондық үкімет” (e-Government) барлық мемлекеттік органдарды біріктіретін  және оларға Интернет, электрондық терминалдар немесе тіпті мобильдік телефонның көмегімен халыққа және де тек жеке тұлғаларағa ғана емес компанияларға да немесе кәсіпкерлерге де қызметтер көрсетуге мүмкіндік беретін жүйе

- … барлық қолданыстағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері азаматтарға және бизнес-құрылымдарға қызметтерді көрсетуге бағытталған және “электрондық үкімет” инфрақұрылымына ықпалдастыруды ескерумен құрылуда.







***Кімге*** — **Бизнес (G2B)** | **Азаматтар (G2C)** | **Мемлекеттік қызметкерлер (G2G)**

***Электрондық қызметтерді алу***

**Интернет** | **Қоғамдық қол жеткізу пунктері** | **ХҚКО** | **Мобильдік байланыс**

***Базалық құрауыштар***

**ІІМ** | **ЖРБА** | **АШМ** | **Ежәне ХӘҚМ** | **ҚМ** | **ӘМ** | **ДМ** | **ЖС** | **ИжәнеЖТМ** | **БП**

***Негіздеу***

**СТАНДАРТТАР РЕГЛАМЕНТТЕР** | **ЗАҢДАР**



ЭЦҚ алу Тіркелу Көмек Кіру

e-gov ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ

ІЗДЕУ

Мысалы: Ауыртпалықтардың бар болуы туралы анықтама

Негізгі Пікір қалдыру

Мемлекеттік қызметтер | Коммерциялық қызметтер | Бюджетке жасалатын төлемдер | Ақпараттық тізімдеме | Е-лицензиялау

Азаматтар Бизнес

санаттар | өмірлік жағдайлар | мемлекеттік органдар | электрондық қызметтер | шетелдіктерге

## Бұқаралық ақпарат құралын тіркеу

Бұл кішігірім мақалада жеке меншік газетіңізді немесе журналыңызды қалай тіркеу қажет екендігі туралы айтылатын болады. Оңайға соқпайтын бұл үдерістің әдеттегідей жүзеге асырылған жағдайдағы барлық қадамдары туралы, сонымен қатар "электронды үкімет" веб-порталы арқылы тиісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктері туралы біле аласыз. Негізгі ұғымдармен қатар, мақалада аталған тақырыпқа қатысты қолданыстағы заңдарға сілтемелер жасалған.

## «Назарбаев университетіне» қалай түсуге болады

NAZARBAYEV UNIVERSITY

Назарбаев Университеті - Қазақстан Республикасының астанасы - Еуразияның жүрегі - Астана қаласында орналасқан заманауи және қарқынды дамып келе жатқан халықаралық университет. Бұл - халықаралық академиялық стандарттарға сәйкес жұмыс жасап, академиялық еркіндік пен автономдық ұстанымды негізге алатын алғашқы Қазақстандық университет. Университетке автономдық дәреже мемлекеттің арнайы заңына сәйкес берілді. Біздің академиялық және зерттеу бағдарламаларымыз әлемнің алдыңғы қатарлы отыз жоғарғы оқу орнымен бірлесе отырып әзірленген.

## HandyPay – мобильдік төлемдер

HandyPay мобильные платежи

Қазақстандағы ірі банктердің барлығында дерлік енгізілген төлем карточкалары, банкоматтар, терминалдар, интернет-банкингтердің қызметтері,сөз жоқ, біздің өмірімізді айтарлықтай жеңілдетті. Әрине, ғылымның алға дамуы осымен шектелмейді,бүгінгі таңда электронды төлемдер аясындағы жаңа технологиялар қарыштап, қарқынды түрде дамып, адамзаттың күнделікті өміріне дендеп енуде. Бұл технологиялардың негізгі мақсаты- әр адамның жеке ақпараттық құпияларының қауіпсіздік деңгейін төмендетпей сақтай отырып, оның кез келген қызметті пайдалануына ыңғайлы, тиімді жағдай жасау. Аталмыш мақалада HandyPay жаңа технологиясының мүмкіндігін пайдалана отырып, ұялы телефон арқылы жедел төлемдер жасау туралы айтылады.

## Work and Travel USA Бағдарламасы

WORK & TRAVEL

Американың атақты қалаларына саяхат ұйымдастыра отырып, жазғы демалысыңды АҚШ-та өткізу, сонымен қатар табыс табу, ал ең бастысы өз ағылшын тіліңді жетілдіре түсу – бұл көптеген студенттер үшін тартымды ұсыныс, әрі мақсат. Заманауи білім беру бағдарламалары мұндай мүмкіндіктерді ұсына алады. Америка Құрама Штаттарында жазғы демалысты өткізу және жұмыс жасау - студенттер үшін мұндай мүмкіндік бар.Мұндай мүмкіндікті «Work and Travel» бадарламасы береді. АҚШ-та уақыт өткізе отырып, студенттер көптеген жағымды әсер алады, жаңа достар табады, қызықты өмірлік тәжірибе жинақтайды. Сондықтан, Құрамадағы жаз өзін-өзі оқыту бағытында қызықты ғана емес, сонымен қатар өте жағымды әрі пайдалы бола алады.

- Өзіңіз мінсіз деп білетін қоғамды елестетуге тырысыңыз. Мықты денсаулық, жақсы жұмыс, қамсыз тірлік, өмір сүруге қолайлы жағдайлар -  бұл тізім ұзыннан-ұзақ жалғасуға бар, және жеке басымдықтарға байланысты қажетті аспектілермен толықтырылуы да мүмкін. Әйтсе де, мұндай қоғамның ажырамас бөлшегі мемлекет болып табылады. Азаматтарының қамын ойлайтын мемлекет. Әрбір азаматтың әлеуетін мейлінше жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын мемлекет. Азаматтардың заңды құқығының қорғалуы мен сақталуына кепілдік беретін мемлекет. Азаматтардың мұқтаждығы мен қажеттіліктеріне бағдарланған мемлекет. Арадағы өзара әрекеттестік қарапайым, ұғынықты және қолжетімді болатын, **адамдар үшін құрылған** мемлекет.
- Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуы кем дегенде соңғы екі пікірдің жүзеге асуына кепілдік бере алады. Дәл осы азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін  электронды үкімет тұжырымдамасы әзірленді.

- Электронды үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өз бетінше «оқшау өмір сүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растама секілді өзге де қағаздарды жинау үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелер табалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін. Бүгінде электронды үкімет жобаларының арқасында ол заман келмеске кетті.
- Электронды үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.
- Басқаша айтқанда, электронды үкімет деп лицензияны рәсімдеу үшін ЖСН ғана керек болатын (басқа ақпараттың бәрі дағдылы сұранымдар арқылы алынады), коммуналдық қызмет ақылары мен айыппұлдарды онлайн жүйесінде төлеуге болатын, анықтама алу үшін ХҚКО-ға жеке куәлік қана талап етілетін, бизнесіңізді өз бетіңізше тіркеуге, немесе электронды үкімет порталында небәрі 10-15 минут ішінде анықтама алуға, күн-түн демей, кез келген уақытта баланың балабақшаға кезегін көруге, мекенжай анықтамасын ұялы телефонға алдыртуға болатын және осы секілді басқа да көптеген жағдайларды айтамыз.



АЙГЕРИМ БУРАНБАЕВА
ЭЦҚ алу
Көмек
e.gov ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ
Негізгі
Пікір қалдыру
Мемлекеттік қызметтер
Коммерциялық қызметтер
Бюджетке жасалатын төлемдер
Жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беру
Қадам 1 Тапсырысты толтыру
Қадам 2 Сұранысқа қол қою
Қадам 3 Сұранысты өңдеу
Сертификаттың деректері
Сертификат таңдалмады
Болдырмау
Сертификатты таңдау
Үнсіз келісім бойынша сертификат
Открыть файл
Открыть в: Буранбаева А.М
Буранбаева_ГОСТ
Буранбаева_РСА
Недавние документы
Рабочий стол
Мои документы
Компьютер
Сеть
Имя файла: Буранбаева_ГОСТ.pfx
Тип файла: Файл (*.bin, .p12, .pfx)
Открыть
Отменить
РУС
ENG
Таныма электрондық қызметтер
Бейнеконференция байланысы арқылы бірінші басшылардың қабылдауына онлайн-жазылу
Қызметтер алу тарихы
Қызметтерді төлеу тарихы
Қызметтер алу тарихы (ХҚО)
Хабарламалар
Профайл
Электрондық өтінімдер

- **Электрондық Үкіметтің көмегімен Сіз**:
- ü мемлекеттік қызметті алу, мысалы: жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі жайлы анықтама алу, баланың туылуын тіркеу, ӘЖК алу және т.б.;
- ü коммерциялық қызмет көмегін алу, мысалы: теміржол немесе әуебилеттерін броньдау, ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу және т.б.;
- ü өтініш беру және лицензия алу;
- ü бюджеттік төлемдерді төлеу, мысалы: төлқұжат алғаны үшін, жол жүру ережесін бұзғаны үшін айыппұл, жылжымайтын мүліктің заңдастырушы құжаттарының көшірмесін алғаны үшін төлем және т.б.;
- ü мемлекеттік органдардың басшыларына блогтары арқылы тікелей хабарласу;
- ü мемлекеттік органдардың жұмысы жайлы ақпарат алу;
- ü электрондық цифрлық қолтаңба (ЭСҚ) рәсімдеу;
- ü кез келген мемлекеттік органнан ҚР заңнамасын түсіндіру, мемлекеттік қызмет көрсету процедурасының түсіндірмесі, қайсыбір жағдайда лауазымды тұлғаның әрекеттерінің заңдылығы және т.б сұрақтар бойынша On-line кеңес алу:.
- Электрондық Үкіметтің call–орталығының телефондары арқылы сіз өзіңізді қызықтыратын сұрақтар бойынша ақпарат ала аласыз: 8-800-080-7777, 1414.
- Электрондық Үкіметтің құрылуы – бұл субъективті фактордың ықпалын төмендете отырып, шенеунікті азаматтарға жақындастырудың амалы. Электронды Үкімет шенеунік пен азаматтың бетпе-бет қарым-қатынасын виртуалды қатынасқа ұластырып, азаматтарға өз сұраныстарының шешілу жолын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл бір жағынан Үкіметтің де, азаматтардың да, бизнес-құрылымдардың да арманы.


АЙГЕРИМ БУРАНБАЕВА
ЭЦҚ алу
Көмек
Шығу
e.gov ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ
ІЗДЕУ
Мысалы: Ауыртпалықтардың бар болуы туралы анықтама
Негізгі
Пікір қалдыру
РУС
ENG
Мемлекеттік қызметтер
Коммерциялық қызметтер
Бюджетке жасалатын төлемдер
Ақпараттық тізімдеме
Е-лицензиялау
Қызметтерді алу тарихы
Жаңарту
1 ай ішіндегі деректерді көрсету
10100008878249 05.03.2012 11:37:51 Жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беру Сұраным өңделді
10100008814379 01.03.2012 13:18:39 Жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беру Сұраным өңделді
10100008779026 29.02.2012 11:51:25 Неке қию туралы анықтама беру Сұраным өңделді
10100008775548 29.02.2012 10:58:27 Некені тіркеуге электрондық өтінішті беру Қалған қатысушыларға қол қоюға сұраныс Қарап шығыңыз
10100008767444 29.02.2012 10:11:25 Некені тіркеуге электрондық өтінішті беру Қызметті төлеу қажет Төлеу
10100008769473 29.02.2012 09:07:56 Мекен-жай анықтамасы Сұраныс өңделді
10100008760782 28.02.2012 15:54:59 Мекен-жай анықтамасы Сұраныс жұмысқа қабылданды
10100008749690 28.02.2012 11:50:17 «Жеке тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы» анықтама беру Сұраным дайындалды
Call-орталық
8-800-080-7777
1414
ХҚКО электрондық кезекті брондау
ХҚКО бойынша байланыс ақпараттары
Менің порталым
Танымал электрондық қызметтер
Жеке кабинет
Бейнеконференция байланысы арқылы бірінші басшылардың қабылдауына онлайн-жазылу
Қызметтер алу тарихы
Қызметтерді төлеу тарихы
Қызметтер алу тарихы (ХҚО)
Хабарламалар
Профайл
Электрондық өтінімдер

- Біз жеңіл және ыңғайлы тәсілмен, қазіргі заманғы технологияларды белсенді қолдана отырып қарым қатынас жасайтын ақпараттық дәуірге әлде қашан жеттік. Қоғаммен бірге мемлекеттік билік органдары да өзгереді, себебі олардың міндеті халықтың талаптарын қанағаттандыру, басқаша болуы мүмкін емес. Мемлекеттің қарым-қатынасы барлық деңгейде орындалуы қажет: мемлекет – азаматтар, мемлекет – бизнес және мемлекет – мемлекет, ал қызмет көрсету мүмкіндігінше бір жерде, бірыңғай электрондық порталда – электронды үкімет порталына беріледі.
- Электрондық Үкіметтің іс-әрекетінің қызмет ету тетігі ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделген және азаматтар мен ұйымдарға барынша қызмет көрсетуге бағытталған. Қысқаша айтқанда, Электрондық Үкімет дегеніміз мемлекет атқаратын барлық қызметтер мен функциялардың электронды түрі.

- **Пайдалы сілтемелер:**
- www.e.gov.kz – «Электрондық үкімет» порталы.

Орындаған: Амангелді А.

Тексерген: Раймбекова М.Т.